

**2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата - ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 9 қаңтардағы № 04 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 ақпанда № 3269 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 24 қарашадағы № 299 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 24.11.2017 № 299 қаулысымен(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы", 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарына сәйкес Маңғыстау ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата – ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Маңғыстау аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (С.Қалиева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Махмутовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ж.Айтуаров*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Әлбет" жауапкершілігі

шектеулі серіктестігінің директоры

Дербісова Динара Алымқызы

"09" қаңтар 2017 жыл  
 Жеке кәсіпкер  
 Жанбуршина Жақсы Есмырзақызы  
 "09" қаңтар 2017 жыл  
 Жеке кәсіпкер  
 Тоғысова Нұржамал  
 "09" қаңтар 2017 жыл  
 "Маңғыстау аудандық білімі бөлімі"  
 мемлекеттік мекемесінің басшысы  
 Қалиева Светлана Ақмұратқызы  
 "09" қаңтар 2017 жыл  
 "Маңғыстау аудандық экономика  
 және қаржы бөлімі" мемлекеттік  
 мекемесінің басшысы  
 Шабикова Рима Нерражимқызы  
 "09" қаңтар 2017 жыл

Маңғыстау ауданы әкімдігінің  
 2017 жылғы "09" қаңтардағы  
 №04 қаулысына  
 қосымша

**2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата - ананың ақы төлеу мөлшері**

Мек-тепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйым-дарын-дағы топтар	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны							Мектепке дейінгі бір айдағы мөлше	
	Балабақша ( мемлекеттік )	Балабақша (жеке меншік)	Мектепке дейінгі ұйым ішіндегі шағын орталық	Мектеп жанындағы толық күндік шағын орталық	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын орталық	Дербес толық күндік шағын орталық	Дербес жарты күндік шағын орталық	Балабақша ( мемлекеттік )	Бала мені
1 – д е н 3–ке дейінгі топтар	225	5 0 66	2 1 55	86		32		30547	3508 3054
4 – т е н 5–ке дейінгі топтар	320							26721	
6 – д а н 7–ге дейінгі топтар	1 8 0 200							25794 25115	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК